

"Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 1318 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 13-14, 171-құжат; N 24, 338-құжат):

8 - б а п т а :

тоғызыншы, оныншы және он бірінші абзацтар алынып тасталсын;

он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

6 7 - б а п а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

2. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 215-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2001 ж., N 3, 20-құжат; N 24, 338-

қ ұ ж а т) :

Заңның мәтіні бойынша "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының", "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы", "орталық атқарушы органдардың", "орталық атқарушы органдар", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органына", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органмен", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органға" деген сөздер "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның", "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган", "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның", "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға", "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен", "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

8 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган б е л г і л е й д і ; " ;

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"осы аумақтарды пайдаланғаны және ол көрсететін қызметтер үшін ақы алудың тәртібі мен шартын айқындайды;" ;

9 және 10-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік о р г а н н ы ң қ ұ з ы р е т і

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган: ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту жөніндегі бағдарламаларды ә з і р л е й д і ;

қорық ісі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы әдістемелік б а с ш ы л ы қ т ы жү з е г е а с ы р а д ы ;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы нормативтік құқықтық актілерді ә з і р л е й д і ж әне б е к і т е д і ;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік есебін және мемлекеттік кадастрын, Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын жүргізеді;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге а с ы р а д ы ;

жаратылыс-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу жөніндегі әдістемелерді бекітеді;

республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру жөнінде

жаратылыс-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелер әзірлеуді ұйымдастырады және оларды мемлекеттік экологиялық сараптамаға жібереді; оның қарауындағы мемлекеттік мекеме нысанында құрылған ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жеке ережелерін бекітеді; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын тіркейді; оның қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жұмыс істеуін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның құзыреті шегінде қабылданған шешімдерді барлық жеке және заңды тұлғалар орындау үшін міндетті.

10-бап. Қарауында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар тұрған өзге де орталық атқарушы органдардың құзыреті

Қарауында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар тұрған өзге де орталық атқарушы органдар:

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бағдарламаларды әзірлеуге және орындауға қатысады;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру жөнінде жаратылыс-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді ұйымдастырады, мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісе отырып оларды бекітеді;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісе отырып оның қарауындағы мемлекеттік мекеме нысанындағы құрылған ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы үлгі ережелерді бекітеді, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын жасайды және тіркеуге жібереді;

өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қызметін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бойынша мемлекеттік есебін және мемлекеттік кадастрын ұйымдастырады;

өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бойынша күзет қызметін құрады және оларға мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етеді;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады."

74-бап мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру жөнінде жаратылыс-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді;"

75-бап мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру жөнінде жаратылыс-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді";

78-баптың 1-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ғылым, мәдени-ағарту, оқу, туристік және рекреациялық қызметте заңды және жеке тұлғаларға ақылы қызмет көрсетуден, соның ішінде ғылыми қызметтерден мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстарға қатысудан түскен қаражат;".

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК